

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дene шынықтыру
істері комитетінің
қорагасы



Р.Б. Есеналин

20.04. ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстандық Гандбол Спорт
Федерациялырының Қауымдастыры»
Қауымдастық нысанындағы заңды
тұлғалар және жеке кәсішкердің
бірлестігінің президенті



Г.И. Турлыханова

20.04. ж.

**2025 жылға арналған
қол добынан ересектер арасында республикалық
жарыстарды өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері.

№	Спорттық шаралардың атауы	Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу күні мен орны
1.	Супер лиганың әйелдер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты (1-кезең)	13-19 мамыр Алматы обл.
2.	Супер және Жоғарғы лигалардың ерлер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты (1-кезең)	30 маусым – 07 шілде Түркістан обл.
3.	Супер (2-кезең) және Жоғарғы (1-кезең) лигалардың әйелдер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты	21-28 маусым Түркістан обл.
4.	Супер және Жоғарғы лигалардың ерлер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты (2-кезең)	қыркүйек Шымкент қ.
5.	Супер және Жоғарғы лигалардың ерлер командалары арасындағы XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты (3-кезең)	қазан Ақтобе қ.
6.	Супер және Жоғарғы лигалардың әйелдер командалары арасындағы XXXIV Қазақстан Республикасының чемпионаты (1-кезең)	қараша/желтоқсан ШКО

II. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы.

2.1. Қазақстан Республикасы аумағында қызмет ететін клубтар/командалар республикалық жарыстарға алдын ала қатысуын растиған жағдайда жіберіледі. Жас шектеулері:

- **Суперлиға** – 16 жастан бастап;
- **Жоғарғы лиға** – 16-23 жас (құрамда 3 үлкен жастағы ойыншы болуы мүмкін);
- **Кубоктар** – жас шектеуі жоқ.

Кіші жастағы ойыншыларға медициналық мекемеден анықтама болған жағдайда қатысуға рұқсат беріледі. Қазақстан Республикасы чемпионаттарына әкімшілік-аумақтық бірліктерден Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын спортшылар қатыса алады.



2.2. Чемпионат ойындарына арналған техникалық өтімде команда құрамы:

- 16 спортшы және 4 ресми тұлға (2 жаттықтыруши, 2 төреші);
- Чемпионаттың толық өтуіне арналған отінімде – 28 спортшы және 6 өкіл көрсетіледі.

2.3. Әрбір ойынды өткізу үшін 7 төреші қызмет етеді: бас төреші, бас хатшы, 2 алаң төрешісі, хатшы төреші, табло операторы, хабарлаушы төреші.

III. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету.

3.1. Чемпионаттарды өткізуі тарап қатысушыларға медициналық қызмет корсетуді міндettі түрде қамтамасыз етеді.

3.2. Жарысты ұйымдастыруши болып табылатын клуб/команда ойындар кезінде (ойын барысында) спорттық медицина дәрігерінің тұрақты болуын қамтамасыз етуге міндettі.

3.3. Барлық жастағы топтар арасындағы республикалық жарыстарда барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (бұдан әрі – ДПҚА) нормаларына сәйкес допингтік бақылаудан өтуі мүмкін. Барлық спортшылар ДПҚА (WADA) антидопинг кодексінің ережелерін сақтауы тиіс.

ДПҚА (WADA) антидопинг кодексінің талаптарын бұзған, допинг сынағынан бас тартқан немесе келмеген спортшыларға ДПҚА (WADA) антидопинг кодексінің нормаларына сәйкес санкциялар қолданылады (спортшыны толық шеттетуге дейін).

IV. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары.

4.1. Әрбір команда мандаттық комиссия отырысына (бас төреші, бас хатшы, Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің өкілі немесе республикалық/жергілікті федерация өкілі) белгіленген үлгідегі өтінімді тапсырады, онда:

- Спортшының толық аты-жөні (16 спортшыдан аспауы тиіс);
- Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- Жарысқа қатысуга берілген дәрігердің рұқсаты (әрбір фамилияның жанында дәрігердің қолы мен жеке мөрі, медициналық мекеменің мөрімен расталған).

Өтінім спорттық ұйымның мөрімен және басшының қолымен расталуы тиіс. Сонымен қатар, әр команда техникалық өтінім тапсырады.

4.2. Чемпионатты өткізуі тарап келесі шығындарды қамтамасыз етеді және көтереді:

- Сапалы өткізу;
- Ойын залының жалға алынуы;
- Қатысушылар, төрешілер мен өкілдерге арналған автокөлік қызметі (станция/әуежайдан келу орнына дайінгі және кері трансфер);
- Жарыс өтетін орындарды дайындау;
- Медициналық қызмет көрсету;



- Жарыс өтетін нысандарда құқық қорғау орғандарымен бірлесе қауінсіздікті қамтамасыз ету.

4.3. Командаларды жіберуіш үйымдар келесі шығындарды көтереді:

- жол ақысы, тәуліктік шығындар, команда мүшелерінің тамақтануы және тұруы.

4.4. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМКК есебінен төрешілердің жұмыс ақысы, мемлекеттік жаттықтырушының, бас жаттықтырушының, кенесші жаттықтырушының және аға жаттықтырушының іссапар шығындары жүзеге асырылады.

V. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі.

5.1. Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпаз және жүлдегер командаларына Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің тиісті дәрежедегі медальдары, кубоктары мен дипломдары табысталады.

5.2. Жүлдегер командалардың ойыншылары Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің медальдары мен дипломдарымен, сонымен қатар жеңімпаз командалардың жаттықтырушылары комитеттің дипломдарымен марапатталады.

5.3. Марапаттау чемпионат жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің 18 ойыншысына беріледі.

VI. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарастырылу.

6.1. Наразылық ойын кезінде жарыс ережелерінің бұзылуына байланысты фактілер бойынша беріледі. Ол матч хаттамасында көрсетіледі. Өтініш белгіленген үлгіде чемпионаттың бас төрөнсіне ұсынылады және ойын аяқталғаннан кейін чемпионаттың тәртіптік комиссиясы тарапынан қаралады.

6.2. Наразылық ойын хаттамасы ұсыныла отырып, жарыс аяқталғаннан кейін 60 минут ішінде команданың ресми өкілімен беріледі.

6.3. Наразылық чемпионаттың тәртіптік комиссиясымен қаралады, оның кұрамына:

- Чемпионаттың бас төрөнсі – төраға;
- Чемпионаттың бас хатшысы;
- Талқыланатын матчқа қатыспаған басқа командалардың ресми өкілдері кіреді.

6.4. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраганың пікірі басымдыққа ие болады. Тәртіптік комиссияның шешімі жазбаша түрде наразылық берген команданың ресми өкіліне комиссия отырысы аяқталғаннан кейін 1 сағат ішінде беріледі.

6.5. Тәртіптік комиссияның шешіміне апелляция беруге болады. Апелляция жазбаша түрде жарыстарды үйымдастыру комитетіне келесі күні беріледі.

6.6. Апелляциялық комиссияның шешімі 1 ай ішінде қабылданады және ол түпкілікті болып табылады, қайта қарастырылады.

